**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МККК әдістемелік кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 1**

**Сызған ауылы** **22 қыркүйек 2022 жыл**

Қатысқандар: балабақша педагогтары

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік бағдарламаға талдау жасау
3. Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі
4. Топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдар,картотекалар, үлестірмелер

**Тыңдалды: Жылысбаева Р - әдіскер**

Балабақша әдіскері Р Жылысбаева әдістемелік кеңес отырысын ашып берді. Күн тәртібінің регламенттерімен таныстырды. Балабақшаның 2022 жылғы 31 тамызда № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген жылдық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қаншалықты керек екенін сұрады. Балабақша педагогтары жылдық жоспарға ешқандай өзгерістер мен толықтырулар қажет еместігін айтты. Барлық жайттар бізді қанағаттандырады, - деп ойларын айтты.

**Екінші мәселе бойынша:** Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру. ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хатпен таныстырды. «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама). Әдістемелік нұсқау хат 2022-2023 оқу жылында меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бұл нұсқаулық хатта тәрбиешілерден 3 құжат талап етіледі. Олар: Перспективалық жоспар үлгісі, Циклограмма үлгісі, Баланың жеке даму картасының үлгісі.Сондай – ақ, заттық дамытушы орта құру және ата –

аналар мен балалар үшін кітапхана бұрышын ұйымдастыру көзделген.
Ата – ана сол кітапханадан баласына қалаған кітапты алып үйде балаға оқып беруіне болады.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстырды.

**1-тарау**. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды: 1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне; 3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Стандарт: 1) білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу; 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу; 3) меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында (бұдан әрі - мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік материалдар әзірлеу; 4) мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу; 5) әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау; 6) балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау; 7) баланың дербестігі мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру; 8) балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.
3. Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады: 1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын,

психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар; 2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта, 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар; 4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі; 5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзыреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**2-тарау**. Тәрбие мен оқыту үдерістеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын қойылатын талаптар

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін: 1) осы стандартқа, 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар); 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы); 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. 5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады; балалардың құқықтарын, өмірін

қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимылқозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар; өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға ізгілікті қарымқатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемэстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды. Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі. 6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. 7. Физикалық қасиеттерді дамыту. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. 8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді. 9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру, креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады. 11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу, дербестікке тәрбиелеу, өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге, Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту, еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту: 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау; 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу; 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету; 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату; 5) командада жұмыс істеу; 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау; 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу; 8) еркін ойын кезінде балаларға

пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады. 12. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтікэмоционалдық дағдыларын қалыптастыру. 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру), 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда); 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. 13. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. 14. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке /бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады. 15. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында: 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады. 16. Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және олардың: 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу; 2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн; 3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету; 4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже; 5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; 6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады. 17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, жеке, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады. 18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет

етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қаныққандығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. 19. Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады. 20. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының түйінісіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады. 21. Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі: физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; командада жұмыс істей біледі; эмоционалды жауапты; елі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

**Үшінші мәселе бойынша**: «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері Б. Ганиева мен П. Бидаулетова мәлімдеме жасады. Олар өз сөздерінде: білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингінің бастапқы кезеңі қыркүйек айында жасадық. Бірақ білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі 2022 оқу жылындағы нұсқаулық хатпен жасалды. Балалардың бастапқы мониторингінің нәтижелері есептеліп, баланың жеке даму картасын түсірдік, - деп мәлімдеме жасады.

**Төртінші мәселе бойынша:** Балабақшаның шығармашылық топ төлімгері П. Бидаулетова мәлімдеме жасады. Ол өз сөзінде: балабақшаның шығармашылық топ мүшелерімен бірге отырып топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдар, картотекалар, үлестірмелі материалдар жасалғанын айтты. Бұл аталған көрнекіліктердің баланың дамуына зор үлесін қосары сөзсіз. Алдағы уақытта топ мүшелерімен жұмыласа отырып басқада балаға қажетті дүниелер жасайтынын айтты.

**Жиналыс шешім етті:**

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді
2. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстырылды және өзгерістер енгізілмейді.

ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік бағдарламаға талдау жасалды.

3. «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші топ балаларына қыркүйек айында бастапқы кезең білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі жасалды.
4. Топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдар, картотекалар, үлестірмелі материалдар талапқа сай жасалды.

**Балабақша әдіскері:** **Жылысбаева Р**
**Хатшы:** **Мусаева Н**

**Әдістемелік кабинет жұмысының анықтамасы № 1**

**Мақсаты:** балабақша педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби, құзіреттілік және ғылыми – әдістемелік деңгейін өсуіне жағдайлар жасау, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

**Мазмұны:** әдістемелік кабинетті жабдықтауға қойылатын талаптарды орындау.

***Білім беру бағдарламасын орындауға оқу материалдарын жинақтау***

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында 2022 – 2023 оқу жылына арналған оку материалдары жинақталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке.

мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге, өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға, тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар, кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және сапалы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; ән айтуды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды, өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ - ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

3.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

4. Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

***Жабдықтарын, оқу – әдістемелік құралдарды жинақтау***

Балабақшадағы «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші топтарында заттық дамытушы ортаны құру мақсатында ойын бұрыштарына жабдықтар қойылған. Оқу әдістемелік құралдарға арналған кітапхана бұрышына кітаптар берілді. Балаларға арналған көрнекіліктер мен кітаптармен қамтамасыз етілді. Балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға арналған түрлі – түсті қарындаштар, акварель бояулар, ермексаз, қайшы, желім, қағазды ата – аналар тарапынан көмек қолдарын созды. Сондай – ақ, балабақша педагогтары оқу әдістемелік құралдарға пайдаланатын көрнекіліктермен толықтырды. Алайда жыл бойы оқу әдістемелік құралдарға әлі көптеген көрнекілік басылымен толықтыруды қажет етеді. Топтарда театр бұрышы әлі жеткіліксіз.

***Дидактикалық материалдарды жинақтау***

Дидактикалық ойын балаға білім берудегі әсер етудегі ең негізгі бір түрі, өйткені ойын балалардың негізгі іс әрекеті. Дидактикалық ойындар арқылы сезімталдық және ақыл-ой қабілеттерін, байқағыштықты тәрбиелеу, ауызша талдау жасау, өз ойын жүйелі жеткізе білу, әңгімелеу, заттарды салыстыру, заттарды негізгі ұқсас белгілеріне сай жинақтау, жіктеу, пікір және ой қорытындысын жасауға дағдыландыру. Ойынды жүргізу балалардың өздеріне жүктеледі.

Дидактикалық ойындар балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану оқу іс – әрекеттің жеңілдігін, тартымдылығын, белсенділігін арттырып, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Және ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндіріліп, балалардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдай білуге баулу керек. Оның үстіне дидактикалық материалдармен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлінуі

керек. Балалардың танымдық қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, оқу іс – әрекетке деген ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды пайдалану оң нәтижесін береді.

Дидактикалық ойындарды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын мінез-құлық ережелері мен нормаларын бекітетін құрал ретінде пайдалану, оларға байқағыштықты, зейінді дамытатын ойындар, заттардың белгілерімен таныстыруға арналған жұмбақ-ойындар, есте сақтауды дамытуға арналған ойындар, топтау іскерлігін дамыту, логикалық ойындар және т.б. Сондықтан, дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойлай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Балалардың іздемпаздығын арттырып, сөздік қорларын молайтады, оқуға, бірдеңені танып – білуге деген қызығушылықтарын арттырады. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып тіл байлықтарын дамытады.

**Дидактикалық ойындардың түрлері:**
1. Заттық дидактикалық ойындар
2. Үстел-үстінде ойналатын дидактикалық ойындар
3. Сөздік дидактикалық ойындар
1. Заттық дидактикалық ойынның түрлері төмендегідей заттармен ойнатылады. Ойыншықтармен ойнатылатын дидактикалық ойындар кіші топтардан бастап ойнатылады. Мұнда балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп, сипап сезу арқылы ойнайды. Немесе ойыншық заттарды сипаттауға болады. Мысалы: Доп домалақ. Ол күнге ұқсайды. Доппен біз қызықты ойындар ойнаймыз т.б
Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар: Киімдерді балалармен таныстырумен қатар киіну дағдыларын қалыптастыруға үйретеміз. Мысалы: «Қуыршақты серуенге шығарайық» д/о ойната отырып киімдерді ретімен киіну және жыл мезгіліне сай киінуге үйретеміз.
Заттық ыдыстарды қолдану арқылы жүргізіледі : Ыдыстарды қолдана отырып жеке-және жалпы атауын айта білуге балаларды үйретеміз. Сонымен қатар « Қуыршаққа тамақ дайындаймыз» ойынын ойната отырып ыдыстарды қолданудың әдістерін үйретеміз. Мысалы: қасықты оң қолға ұстаймыз, тәрелкені екі қолмен ұстаймыз. т.б.
Заттық жеміс-жидектерді қолдану: Заттық жеміс –жидектерді қолдана отырып балармен бірнеше ойындар өткізуге болады. Мысалы: «Ғажайып дорба» ойынын ойнатып болсақ , онда жемістер мен көкөністерді сипап сезу арқылы оның пішінін анықтау, түсін анықтау және атын атауға үйретуге болады.
Заттық үй жануарларын қолдану арқылы : Заттық үй жануарларды қолдана отырып балалардың зейінін ,есте сақтау қабілетін дамытамыз.
Мысалы: «Үй және жабайы аңдарды ажырата» д/о ойыны арқылы заттық үй жануарларын қолдануға болады. Мұнда балалар жануарларды ажыратып , өз орындарына қолымен ұстап орналастырады.
2.Үстел-үсті дидактикалық ойындар арқылы : Үстел –үсті дидактикалық ойындары таңертеңгілік балаларды қабылдау кезінде ойнатылады. Балалардың есте сақтау қабілетін таңертеңгілік уақытта жақсы қабылдайды. Сондықтан заттардың атын жаттау, немесе жалғасын табу, құрастыру, орнын табуға байланысты ойын түрлері ойнатылады. Мысалы: «Қуыршақ Шолпанға киінуге

көмектес», Жартыларды құрастыр» , «Тышқанның үйін тап» т.б.
3 Сөздік ойындар:
Суреттер арқылы: суреттермен ойналатын дидактикалық ойындар барлық білім беру саласы бойынша ойнатылады. Суреттер арқылы балалар сөйлем құрастыруға үйренеді. Белгілері бойынша ажыратады. Жалпы атауын айтып үйренеді. Мысалы: д/о « Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген» суреттерін алатын болсақ балалар оған қарай отырып өз ойларын білдіреді.
4. Дидактикалық ойындардың қолдану жолдары. Іс-тәжірбиелік ойын/
д/о « Көліктерді түсі бойынша орналастыр»
д/о «Сөзді құрастыр»
Тәрбиешілер семинар –барысында дидактикалық ойындарды қолдануды өз тәжірбиелерімен бөлісті. Ойын қызықты тартымды өту үшін дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр балаға жеткіліктің болу керек сонда ғана балаларға түсінікті болады. Дидактикалық ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталу үшін эстетикалық гигиеналық талаптарға сай әдемі қораптарда қапталарда тұру керек. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеттерінде дидактикалық ойындарды қолдансақ мақсатымызға жетеміз.

*Педагогикалық процесті нормативтік – құқықтық қамсыздандыру*

Балабақшаның жылдық жоспары бойынша педагогикалық процесті нормативтік– құқықтық қамсыздандыру процесімен жұмыс жасап келеміз.

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
2. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
5. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы.
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.
7. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
8. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы

9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).
10. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.
11. «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы.
12. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысы.
13. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.
14. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы
15. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.
16. «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 бірлескен бұйрығы.
17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20618 болып тіркелді.
18. «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы.

***Тұрақты және эпизодтық көрмені рәсімдеу***

Табиғат жаратылысы өзіне тән жыл он екі ай төрт мезгілімен ұштасады. Әр жыл мезгілдерінің өзіне тән қасиеттері бар. Бірі жанына жылулық сыйласа, бірі қайта туған жауқазындай бүршік атып жайнайды, ал бірі суығына үйретіп, өз сұлулығымен таң қалдырып, тірі жандардың жүрегінен орын алады. Сол

мезгілдердің бірі- алтын күз, табиғатымызды сары жапырақтарымен сәндеп, қоңыр салқын ауа-райымен көнеттеді. Қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, молшылықтың, байлықтың, берекенің болатын уақыты. Осындай күз мезгілінің кереметін балаларымызға паш еттіру барысында «Күз сыйы» тақырыбында жеміс-жидектер, көкөністерден жасалған көрме ұйымдастырдық. Көрмеге ата-аналар өз қолдарынан жасалған шығармашылықтарын паш етті. Балалар күз мерекесіне арналған ән, би өнерлерін тарту етті. Көрме жоғары деңгейде өткізілді.

«Қысқы әсемдер» көрмесі балабақша топтарында "Қысқы әсемдер" көрмесі (суреттер, табиғи және тастанды материалдардан жасалған бұйымдар, ата-аналармен бірлескен жұмыс) өткізілді. Көрме балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту және балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту мақсатында өткізілді. Көрмеде балалармен және ата-аналармен бірлесіп жасалған түрлі табиғи және жасанды материалдардан жасалған тақырыптық суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар ұсынылды. Балалар өз жұмыстарында әдемі қысқы пейзажды, қысқы ойындар-көңілді көрсетті. Әр бала қыстың өте әдемі және көңілді мезгіл екеніне көз жеткізді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында 3-5 жасар ортаңғы топтарында «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша баланың танымдық, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға біршама мақсаттар қойылған: мектеп жасына дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттердің, ойлау мен қиялдың қалыптасуына, эстетикалық талғамы мен эмоционалды-сезімдік саласының, ішкі жан дүниесін көркемдік формада жеткізе білуге деген ұмтылысын дамыту. Сонымен, балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді. Сурет салу әрекеті үрдісінде балалар біршама іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді. Осы мақсатта балабақшамызда «Өн саусақ» тақырыбында балалар арасында сурет көрмесі өтті. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және оның сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілеттің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда сурет салу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоционалды көңіл-күй туғызады. Сондықтан балабақшада баланың басты әрекеті ретінде сурет салу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала сурет сала, ойы және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке

лейінгі кезеңде біршама көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке болашақта пайдалана алатындай болады.

Балабақшада балалар арасында отбасылық суреттерін, ыстық отбасы туралы салған шығармашылық жұмыстарын көрмеге шығару. Сурет көрмесіне қойылған суреттерді тамашалау арқылы, балаларға отбасындағы құндылықтарды дәріптеу. Көрме - белгілі бір қоғамның не жеке адамның материалдық және рухани жетістіктерін көпшілікке көрсету. «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші топтарында балабақшаның жоспарына сай «Менің сүйікті балабақшам!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет көрмесіне екі топтың балалары өздерінің жануяларымен түскен суреттерін алып келді. Суреттер балабақшаның қабырғасына сурет көрмесі ретінде ілінді. Сурет көрмесінде балалардың сәби кезіндегі отбасымен түскен суреттері орын алды. Сурет көрмесіне дайын суреттерді алып келген балалар мақтау қағаздармен марапатталды.

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК әдістемелік кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 2**

**Сызған ауылы** **8 желтоқсан 2022 жыл**

Қатысқандар: балабақша педагогтары

**Күн тәртібінде:**

1. «Жоба арқылы балалардың танымдық қабілеттерінің дамуы.
2. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетуге дайындалуға нұсқаулық
4. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау
5. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары

**Тыңдалды: Жылысбаева Р - әдіскер**

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева әдістемелік кеңес отырысын ашып берді. Күн тәртібінің регламенттерімен таныстырды. Кеңес отырысын жалғастыру үшін шығармашылық топ тәлімгері П. Бидаулетоваға сөз ұсынды.

**Жарыс сөз: Бидаулетова П – тәлімгер**

Жоба арқылы балалардың танымдық қабілеттерінің дамуы туралы айтты. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту қолға алынды. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру, креативті және сыни ойлауды дамыту, адамгершілік және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады. Сондықтан балабақшадағы балалар танымдық дамытушы ортада өзі қалаған ойынмен ойнауға мүмкіндік қарастырылған, - деп сөзін аяқтады.

**Екінші мәселе бойынша: сөз кезегін медбике Ж. Асанбаева алды.**

Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы айтып өтті. Осы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес әзірленген және объектінің құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру, тамақтану жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, балаларды медициналық қамтамасыз етуге, меншік нысанына қарамастан балалар толық, толық емес, тәулік бойы болатын барлық түрдегі мектепке дейінгі ұйымдардағы (бұдан әрі – МДҰ) және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

4. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы мектепке дейінгі ұйымдар – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беру оқу бағдарламаларының негізінде әзірленген арнайы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар;
2) арнайы санитариялық киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдарды және дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен ластанудан және басқа да ластанулардан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы;
3) балалардың ойын алаңы (бұдан әрі – ойын алаңы) – жабдықты және балалардың ойын алаңына арналған жабынды қамтитын балалардың ойынына арналған арнайы жабдықталған аумақ;
4) балалардың ойын алаңдарына арналған жабдық – пайдаланушылар оныменен немесе онда жеке немесе топпен өздерінің қалауы және қағидалары бойынша ойнау алатын балалардың ойын алаңында орнатылған жабдық;
5) балалар толық емес уақыт болатын МДҰ – тамақтандыруды және ұйқыны ұйымдастырмай, төрт сағаттан аспайтын уақытқа балалар болатын МДҰ;
6) бракераж – органолептикалық көрсеткіштері бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;
7) дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтуға және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған қызмет саласы;
8) жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайлар (топтық ұяшық) – объектінің бір жас тобындағы балаларына арналған үй-жайлар жиыны;
9) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар міндетті медициналық тексеріп-қарау нәтижелері енгізілетін, халықтың декреттелген тобының өкіліне берілетін жеке құжат;

10) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту – балалардың дене, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамыту, олардың әлеуметтік жетістігі мен бүкіл өмірінің бойында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі құзыреттілігін қалыптастыру;
11) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары – мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ерекше қызмет түрлерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың міндетті оқу бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша қызметтерді көрсететін мектепке дейінгі ұйымдар;
12) оңтайлы микроклиматтық жағдайлар – балаларға ұзақ және жүйелі әсер ету кезінде терморегуляция тетіктерінің көмегімен организмнің қалыпты жылу жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін микроклиматтың сандық көрсеткіштерінің үйлесімділігі;
13) өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам және оның тіршілік ететін ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар;
14) санитариялық-аулалық қондырғылар (бұдан әрі – САҚ) – орталықтандырылған кәрізбен байланысы жоқ, объектінің аумағында орналасқан жер үстіндегі бөлігі мен қазылған шұңқыры бар дәретхана;
15) санитариялық қорғаныш аймағы – елді мекендегі арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіптік ұйымдар мен басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін жақын жатқан селитебті аймақтардан, тұрғын-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардан оларға қолайсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында бөлетін аумақ;
16) сәбилер үйі – туылғаннан бастап үш жасқа дейін жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған денсаулық сақтау ұйымы;
17) септик – тұрмыстық сарқынды судың аз мөлшерін тазалауға арналған құрылыс;
18) технологиялық жабдық – өндіріс жұмысы үшін қажетті тетіктер, машиналар, құрылғылар, аспаптар жиынтығы;
19) технологиялық карта – тамақ өнімдерінің құрамы, шығысы мен технологиялық операцияларды қамтитын өндіріс процесін сипаттау көрсетілген тамақ өнімінің атауы бар, тамақ өнімі негізделіп дайындалатын құжат;
20) тиімді тамақтандыру – тамақтандырудың физиологиялық және жас ерекшелігі нормаларын ескере отырып, теңестірілген тамақтандыру;
21) топтық оқшаулау – топтарды әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан және бір-бірінен оқшаулау;
22) топтарды толықтыруы – топтағы балалардың нормаланған саны.
Балабақша педагогтарын осы СанПин талаптарымен таныстырып өтті.

**Үшінші мәселе бойынша:** балабақша тәрбиешілері ай сайын ашық ұйымдастырылған іс әрекетін айтты. Мысалы: қыркүйек айында - П. Бидаулетова көркем әдебиеттен «Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театр түрінде өткенін айтты. Қазан айында А. Сейтқасымова танымнан «Көкөністер мен жемістер» тақырыбында өткенін айтты. Қараша айында Н. Мусаева дене шынықтырудан «Тауық пен балапандар» тақырыбында өткенін айтты. Желтоқсан айында Б. Ганиева әлеуметтен «Үй жануарлары мен төлдері» тақырыбында өткенін айтты. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетінің анықтамалары жасалып, талқыланған.

**Төртінші мәселе бойынша:** шығармашылық топтың тәлімгері П. Бидаулетова сөз алды. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау туралы сөз етті. Балалардың белсенді тынығуына жұмыстың түрлерін таңдау арқылы жағдай жасалады. Мысалы, шынықтыру кезінде тәрбиешілер балалармен эстафеталық жарыс ойындарын өткізгенде, олардың көңіл-күйлері көтеріңкі болатынын, бар ынталарымен бірігіп ойнауға тырысатынын байқауға болады. Бұл орайда, педагогке ескере кететін жайттың бірі - балалардың ойын кезінде қатты қызынып кетуіне жол бермеу. Бірақ балалар ойынға шын беріліп, қызған кезде бірден тоқтатуға болмайды. Егер тәрбиеші балалардың шын қызғанын байқаса, қолын көтеріп олардың үзіліс жасауларына мүмкіндік береді. Балалар азғана демалғаннан кейін ойынды жалғастыруға болады. Жаттығуларды әртүрлі үлгіде ұйымдастырып, жыл мезгілдеріне, спорттық қызықты жағдайларға («Дене шынықтыру күні», «Жалаушалар күні», «Олимпиада» т.б.) қоғамдық мерекелерге байланысты өткізуге болады. Сәби және естияр топтағы дене шынықтыру жаттығуларын ертегі немесе әдеби кейіпкерлерді енгізе отырып, өткізуге ("Тазша бала", "Алдар көсе","Аяз ата") немесе "Көңілді аспанға ұшу", "Орманға жорық", "Қонақтарға қонаққа" т.б бейнелі көріністермен өткізуге болады. Дене шынықтыру жаттығуларын өткізуде музыканы пайдалану өте пайдалы. Музыкалық шығармаларды қолдануды тиімді шығармашылықпен шешіп, орындалғанда сергек,тіпті ерек ететін жорықтың түрлерін қуат беретін әуендерді пайдаланып, гимнастикалық жаттығуларды ырғақты, қалыпты шапшаңдық әуенмен орындау, балалардың музыканы түсініп білуіне мүмкіндік туғызады. Мәселен, Е.Тиличееваның "Көңілді марш" шарды, гүлдерді, жалаушаларды қолдана отырып жаттығуларды орындауға лайықты шығармалар. Сол сияқты А.Шнитке "Этюды" екі аяқты қатар қосып, жеңіл секіруге ыңғайлы. Ал, аттракционды ойындарды жеңіл, көңілді, сергек әуенмен орындау керек, мысалы Т.Ломованың "Ізде", "Кім жылдам?", Ю.Слонованың "Өткір көздер" шығармаларын қолдануға болады.

Балалардың дене шынықтыру жаттығуларын әр түрлі жас топтарында өткізуде тәрбиешінің алдында көптеген міндеттер тұрады. Сәби топтарында балаларды ұжымдық, топтық және жеке орындаудағы қимылдарын дұрыс жасай білу әрекетіне үйрете отырып, көңіл-күйлерінің, ішкі сезімдерінің көтеріңкі, шат болуына жағдай жасауға тиіс. Ересек топтарында әр баланың қимыл түрлерін шығармашылықпен орындауына, күш жігерін еркін көрсете алады.

**Бесінші мәселе бойынша:** Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени - гигиеналық дағдылары туралы айтып өтті. Балабақша тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптасады. Сондай – ақ, балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени - гигиеналық дағдыларын балабақшадан дұрыс қалыптастыру керек. Бала ас ішкенде дұрыс отыру, оң қолмен ас ішу, сөйлемей отырып ас ішу, түзу отыру, сүлгімен аузын және қолын сүрту әдістерін меңгерту керек. Нанды тамаққа турауға болмайтынын екінші қолымен нанды тістеп жеу керектігін үнемі айтып отыру қажет. Ас ішіп болғасын бата беру тәрбиесін үйреткен дұрыс. Сондықтан мәдени - гигиеналық дағдыларын дұрыс қалыптастыру мақсатында бақылау мен бақылаушылықта назарда ұстаған жөн, - деп сөзін қорытындылады.

**Жиналыс шешім етті:**

1. «Жоба арқылы балалардың танымдық қабілеттерінің дамуы» қанағаттанарлық.
2. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындалуда.
3. Педагогтардың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері қанағаттанарлық.
4. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасалды.
5. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары дұрыс жолға қойылсын.

**Балабақша әдіскері:** **Жылысбаева Р**

**Хатшы:** **Мусаева Н**

**Әдістемелік кабинет жұмысының анықтамасы № 2**

**Мақсаты:** балабақша педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби, құзыреттілік және оқыту – әдістемелік деңгейін өсуіне жағдайлар жасау, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

**Мазмұны:** Кітапхана

**Педагогикалық, әдістемелік және балаларға арналған кітаптарды іріктеу**

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында 2022 – 2023 оқу жылына арналған педагогикалық, әдістемелік және балаларға арналған кітаптар жиынтығын балабақша меңгерушісі Г. Жапибекова [illegible] ҚР білім және ғылым министрлігінің 2022 – 2023 оқу жылдарына арналған ӘДҮ педагогикалық және әдістемелік [illegible] кітап [illegible] көрсетті. Осы [illegible] басшылыққа алу [illegible] бойынша осы [illegible] Олар:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы.

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетуші үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және

[illegible] оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысы.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарының, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

«Білім беру ұйымдарындағы [illegible] жұмысын ұйымдастыру және оны сақтау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 наурыздағы № 155 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 бірлескен бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20618 болып тіркелді

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы

**Педагогикалық журналдарды іріктеу**

Балабақша әдіскері Р. Жақыпбекова балабақша педагогтарына арналған журналдар туралы айтып өтті. Осы төмендегі журналдарға балабақша педагогтары білімдерін шыңдау мақсатында және материалдарды оқып, білім [illegible] материалдарды жүргізіп отыруға [illegible]. Олар

**«Бала тәрбиесі»** Республикалық ғылыми педагогика-психологиялық басылым // ай сайын шығады

**«Бала мен балабақша»** *Республикалық педагогикалық журнал // ай сайын шығады*

**«Отбасы және балабақша»** Мектепке дейінгі кезең тәрбиесіне арналған ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал - екі айда 1рет шығады

**«Мектепалды шырлық»** Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал // екі айда 1 рет шығады

**Балабақшаға арналған кітаптар мен журналдарды жинақтау**

Балабақшадағы топтарында кітапхана бұрыштары жасалды. Мақсаты: ата – аналар балаларына кітап оқып беруді, үйлеріне алып балаларымен бірігіп мазмұнын, мағынасын бірге талдауға үйрету. Кітапқа деген қызығушылықтарын ояту. Балаға білім берудің төте жолы – кітап оқыту. Бүгінгі таңда қазақ және орыс тіліндегі балаға арналған кітап көп. Олар жас ерекшелігіне байланысты бірнеше бөлімге бөлінген. Дұрыс таңдалған кітап бала қызығушылығын оятып, керек біліммен сусындатады. Әр жаста әр түрлі тақырыптағы кітап оқытқан жөн. Бұл оның қабылдау мен түсінуін жеңілдетеді.

**0-2 жас**

Бала туған кезінен бастап қоршаған ортаны зерттей бастайды. Бұл жаста бала көру және ұстау арқылы ақпаратты қабылдайды. Ал кітап бала зерттеуінің тек көмекшісі ғана болады. Балаңызға инфографикалық кітаптарды берген жөн. Кітап осы жаста балаға жанды және жансыз заттарды, пішін мен дыбысты ажыратуға көмектеседі. Сондықтан келесі кітаптарды сіздің балаларыңызға ұсынамыз:
«Дауысқа құлақ асайық» кітаптарының сериясы («Аруна» баспасы);
«Теңіз әлемі» («Аруна» баспасы);
«Пішіндер» («АлСафи» баспасы, «Аруна» баспасы);
«Балакай» сериясының кітаптары («Аруна» баспасы);

**2-4 жас**

Бала екі жасынан бастап есту арқылы қабылданатын ақпараттарға қызыға бастайды. Ертегілер мен әңгімелер, жырлар тыңдауға әуестенеді. Өлең жаттауды екі жасынан асқан балаларға үйреткен жөн. Себебі осы кезде олардың есте сақтау қабілеті жетіле түседі. Балаларға әдептілік пен қоғамдық өмірге араласуға үйрететін кітаптарды оқытқан дұрыс:
«Анау не? Мынау не?/Почемучка?» сериясының кітаптары («Аруна» баспасы);
«Саяхатшы Дара» сериясының барлық кітаптары («Аруна» баспасы);
«Керемет жапсырмалар мен ойындар» топтамасының кітаптары («Аруна» баспасы);
«Тамақ қайдан келеді?» (Асель Сапакова «Идан» баспасы);
«Кел, ертегі тыңдайық» топтамасының кітаптары («Аруна» баспасы);
«Көңілді жауапкұмар» сериясының кітаптары («Аруна» баспасы).

**4-6 жас**

Мектепке дейінгі жасындағы балаға әліппе мен сандарды үйрете бастаған дұрыс. Қарапайым мақалдарды оқыту, логикалық жаттығуларды орындатқан жөн. Әрине, ертегілерді де ұмытпаған жөн:
«Әліппе» («Big Dreams» баспасы);
«Әлем ертегілері» топтамасы («Аруна» баспасы);
«Ғажайып тапсырмалар» («Аруна» баспасы).

**Ертегілер жинағы.**

Қазақша ертегі: Бір үзім нан

Ертегі: Тасша бала (видео)
Ертегі: Мақта қыз бен мысық (видео)
Ертегі: Қарлығаштың құйрығы неге айыр? (сурет, видео)
Қазақша Ертегі: Гүл
Қазақша ертегі: Бір жарым дос
Қазақша Ертегі: Еріншек
Ертегі: Үш жетім
Ертегі: Алтын саka
Қазақша ертегі: Үйшік / Теремок (орыс халық ертегісі)

**Картатекалар мен тақырыптық каталоктар дайындау**

Бөлімбақшадағы «Қарлығаш» ортаңғы тобы мен «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері апталық циклограммаға түзілетін ойын мен ұйымдастырылған іс әрекетке, таңғы жаттығулар мен бақылау кезеңдеріне арналған картатекалары жасалған. Баланың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. Алайда картотекалар толықтыруларды қажет етеді.

**Әдіскер:** **Жылтысбаева Р. М**

**Созак ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК әдістемелік кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 3**

**Сығанақ ауылы** **15 ақпан 2023 жыл**

Қатысқандар: балабқша педагогтары

**Күн тәртібінде:**

1. «Ұйымдастырылған іс-әрекетерінде өткізу және күн тәртібінде мәселелік жағдайларды қолдану» (әдіскер)
2. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас (шығармашылық топ)
3. Аттестатталатын педагогтардың портфолиосын талдау (Аттестаттау комиссия мүшелері)

**Тыңдалды: Жылысбаева Р – балабақша әдіскері**

Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева сөз алды. Ол өз сөзінде № 557 бұйрықты негізге алып түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын негізге алды.**

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Кіші топ (2 жастағы балалар) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| 2 | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 3 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 4 | Сенсорика | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| 7 | Мүсіндеу | күн сайын |
| 8 | Жапсыру | күн сайын |
| 9 | Құрастыру | күн сайын |
| 10 | Музыка | аптасына бір рет |
| 11 | Музыка*** | күн сайын |

Ескерту: *Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. *** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. **** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | ортаңғы топ (3 жастағы балалар) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| 2 | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 3 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 4 | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| 5 | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 6 | Математика негіздері | күн сайын |
| 7 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 8 | Сурет салу | күн сайын |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мүсіндеу | күн сайын |
| 10 | Жапсыру | күн сайын |
| 11 | Құрастыру | күн сайын |
| 12 | Музыка | аптасына бір рет |
| 13 | Музыка*** | күн сайын |

Ескерту: *Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымшаларын негізге ала отырып, апталық циклограммаға осы үлгілік бағдарлама аясында ҮІӘ – ті жазып және ұйымдастырып отырды. Мен әдіскер ретінде әр аптаның дүйсенбісінде тексеріп қол қойып отырдым.

**Жарыс сөз: Бидаулетова П (шығармашылық топ жетекшісі)**

Балабақшаның шығармашылық топ жетекшісі П. Бидаулетова сөз алды. Ол өз сөзінде: педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы сөз етті. «Өрлеу» біліктілік арттыру курсына алдағы жылы тәрбиешілер Н. Мусаева, Б. Ганиевалар бару керек. Ал декреттік демалыстағы Ж. Алипбаева мен Р. Ходжакуловалар жұмысқа түскеннен кейін оқиды. Сондай – ақ, педагогикалық шеберлік орталық курсына тәрбиешілер П. Бидаулетова мен Б. Ганиеваның баруы керек. Алдағы жылы Түркістан қаласында «Балаларды ерте дамыту институтында» курстарында оқуға бару балабақша педагогтарының барлығында жоспарланып отыр, - деп хабарлама жасады. Балабақша педагогтары өз

білімдерін жетілдіру үшін курстарға барып, білімдерін шыңдап отыру керек екенін растады. Нормативтік құжаттардың қыр – сырын меңгеріп, көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп жақсы жерде оқып келгендерін айтты.

**Тыңдалды: Жанибекова Г – балабақша меңгерушісі**

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алды.
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы негізінде педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы айтып өтті. Балабақша педагогтары арасында Б. Ганиева, П. Бидаулетова, Н. Мусаева, А. Сейтқасымова және Р. Жылысбаева оқу жылының басында өтініш тастаған еді. Осы № 533 бұйрық негізінде бірінші педагогтың портфолиясы қаралды. Сараптау комиссиясының шешімімен балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның портфолиясын аудандық аттестаттау комиссиясына ұсынылады. Басқа педагогтардың жетістіктері аз болып отыр және талапқа сәйкес келмейді. Келесі аттестауға құжаттарыңызды дайындап, кем құжаттарын жинақтауға кеңес берді.

**Жиналыс шешім етті:**

1. «Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде өткізу және күн тәртібінде мәселелік жағдайларды қолдану» тақырыбындағы балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның есебі қанағаттанарлық.
2. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас шығармашылық топ жетекшісі П. Бидаулетованың есебі қанағаттанарлық.
3. Аттестатталатын педагогтардың портфолиосын талдау бойынша балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның портфолиясы аудандық аттестаттау комиссиясына жіберілсін.

**Балабақша әдіскері:**    **Жылысбаева Р**

**Әдістемелік кабинет жұмысының анықтамасы № 3**

**Мақсаты:** балабақша педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби, құзреттілік және ғылыми – әдістемелік деңгейін өсуіне жағдайлар жасау, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

**Мазмұны:** Ата – аналармен әдістемелік жұмыс жүргізу жүйесін құру

**Жалпы ата – аналар жиналысы**

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында қыркүйек айында № 1 жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»

**Мақсаты:** жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен және жыл бойы жүргізілетін жұмыс мазмұнымен таныстыру.

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылына жалпы ата-аналар комитетін сайлау. Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру.
2. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығымен таныстыру
3. Баяндама: Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуі.
4. «Отбасы махаббаты неде?» психологиялық тренинг

Ал мамыр айында № 2 жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

**Тақырыбы:** «Бала-біздің болашағымыз»

**Мақсаты:** Ата-аналарға балалардың құқығы маңызды екенін түсіндіру. Ата-ана - біздің еліміздің кішкентай азаматтарының негізгі гранты болып табылатынын ұғындыру.

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақша тынысымен таныстыру; өткізілген іс – шаралармен таныстыру
2. "Бала – отбасының айнасы" баяндама
3. Жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы
4. «Жануарлар әлемі» ойыны
5. "Біз өмірдің гүліміз" балалардың шағын концерті
6. «Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың алдын алу» баяндама

**Топтық ата – аналар жиналысы**

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында «Қарлығаш» ортаңғы тобы мен «Балапан» кіші тобында 27 қыркүйекте № 1 ата-аналар жиналысы өтті.

**Тақырыбы:** «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»

**Мақсаты**: жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен және жыл бойы жүргізілетін жұмыс мазмұнымен таныстыру.

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақша тынысымен және жаңа оқу бағдарламаларымен таныстыру.
2. "Бала – отбасының айнасы" баяндама
3. Жыл бойы жүргізілген оқу - тәрбие жұмыстарының қорытындысы
4. Ата – аналар комитетін сайлау

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешілері Сейтқасымова Арай Тангбердиевна және Ганиева Батагоза Абдурасуловна мен «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері Билаулетова Пернегүл Тлеубайқызы және Мусаева Нұргүль Динбековналар 2023 жылдың 27 қыркүйек күні жеке топтарында топтық ата – аналар жиналысын жасады. Ата – аналарды күн тәртібімен таныстырды. Екі топтың топтық ата – аналар жиналысын тәрбиешілер Б. Ганиева мен П. Билаулетова жүргізді. Жиналыс барысын тәрбиешілер Н. Мусаева мен А. Сейтқасымовалар хаттама түзді. Тәрбиеші Б. Ганиева мен П. Билаулетова ата – аналарды топтарымен: жатын бөлме, ойын бөлме, қабылдау бөлмесі және әжетханамен таныстырды. Биылға 2022 – 2023 оқу жылындағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) жаңа шешімдермен таныстырды. Балабақша педагогтары осы жоғарыдағы заң аясында жұмыс жасайтынын айтты.

Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ганиева Батагоза Абдурасуловна мен «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері Билаулетова Пернегүл Тлеубайқызы "Бала – отбасының айнасы" тақырыбында баяндама оқыды. Отбасы тәрбиесі туралы әйгілі педагог А. Макаренко «Әрбір отбасы сырттан алынған дайын рецепттерді пайдаланбай, әрдайым өмір мен әдептіліктің жалпы ұстанымдық жүйесін пайдаланып,көптеген педагогикалық мәселені өзі шешуі керек» деп орынды айтқан. Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көп нәрсені үйренеді деп үміттенеді. Ол педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамытуды ойын арқылы үйрету басты назарда болады. Бұл үрдісте педагог пен ата-анадан шыдамдылық, төзімділік, іздемпаздық қасиеттерді қажет етеді. Балабақшадағы әрбір баланың мінезінен оның отбасындағы беріліп отырған тәрбиенің қандай деңгейде екендігін шығаруға болады. «Бала- отбасы тәрбиесінің айнасы» деп өте орынды айтылған. «Тәрбиедегі мақсат - адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» деп М.Жұмабаев тәрбиенің маңыздылығын нақты көрсеткен. Баланың тәрбиелілігі жақсы мінезден, қасындағы достарына сыйластығынан байқалады. Ата-ананың бойында

имандылық, әдептілік, мәдениеттілік қасиеттері болуы тиіс. Баламен бірге ата - анамен де жұмыс жасауға тура келеді. Ата - аналармен пікірталас, сауалнамалар, отбасылық сайыстар ұйымдастырудың берер тағылымы мол. Баяндама барысында ата – аналардың ой пікірлері талқыланды. Бала тәрбиесі туралы, бала тәрбиесіне жауапты адам, оның маңызы, мақсаты туралы ой талқы болды. Сондай – ақ, ата – анамен балабақша жұмысын жандандыру барысы талқыланды.

Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ганиева Батагоза Абдурасуловна мен «Балапан» кіші тобының тәрбиешілері Билаудетова Перизгул Тлеубайкызы 2022 – 2023 оқу жылындағы балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес топтардағы өткізілген іс шаралар қорытындысын жасады.

**Мерекелік іс шара:** «Білімнің бастауы бақшада!» Білім күні, «Толағай» ата – аналар арасында отбасылық сайыс, «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» балаларға таза ауада жаттығулар жасату, «Ана тілім – ардағым!» тіл мерекесі, «Сақ болыңдар, балалар!» жол жүру қауіпсіздігіне арналған танымдық іс әрекеттер өткізу, «Күші стадион» балалар арасында эстафеталық жарыс, «Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы» балаларға ата – аналарымен бірге ақынның өлеңдерін жатқа айтқызу, «Дене шынықтырумен доспыз» спорттық ойын сауық, «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру және ата – аналармен бірлесе отырып балаларға кітап оқу, «Қош бол, Алтын күз!» ертеңгілік өткізу, «Спорт – өмір көркі» эстафеталық ойындар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне - 30 жыл! Кел тойлат, Жаңа жыл!» ертеңгілік өткізу, «Қыс қызығы» эстафеталық ойындар, «Қыс қызығы» эстафеталық ойындар, «Сиқырлы доптар патшалығы» спорттық сайыс, «Біз көңілді балдырған!» эстафеталық ойындар, «Әке - асқар тауым» әкелер байқауы, «Спорт сенің серігің!» спорттық жарыс, «Ұлттық ойындар» спорттық сайыс, «Шынықсаң шымыр боласың!» спорттық ойын сауық, «Өнерлі бала» балалар арасындағы шығармашылық байқау, «Біз тату баламыз!» ертеңгілік өткізу, «Мәншүк Мәметованың 100жылдығы» танымдық іс әрекет өткізу, «Әкем, шешем және мен!» спорттық ойын сауық, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілік өткізу, «Біз бақытты – балдырған!» балалар күніне арналған мерекелік іс шара өткізу.

Қарлығаш» ортаңғы тобында 2022 жылдың 16 қыркүйек күні топтық ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібі бойынша ата – аналар комитеті сайланды. Б. Өнеркұлы ата – аналар комитетінің төрайымы; М. Эскашова және Ф. Тұрсынбаева ата – аналар комитетінің мүшелері болып сайланды.

«Балапан» кіші тобының ортаңғы тобында 2022 жылдың 16 қыркүйек күні топтық ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібі бойынша ата – аналар комитеті сайланды. Л. Ашымбаева ата – аналар комитетінің төрайымы; Г. Пірназарова және А. Хайруллаева ата – аналар комитетінің мүшелері болып сайланды.

**Кеңестер:** Қыркүйек айында балабақша әдіскері мен психологі балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру.

Қыркүйек айында балабақша әдіскері электронды портфолио педагогтың АКТ - құзыреттілігінің шығармашылық формасы.

Қазан айында балабақша тәрбиешілері «Денсаулық сақтау технологиясын күн тәртібінде қолдану».

**Психолог кеңесі:** Қазан айында балабақша психологі «Пәндік - дамыту ортаны қалыптастыру».

Қараша айында балабақша психологі «Бүлдіршіндердің бойына патриоттық сезім қалыптастыру –ұрпақ тәрбиелеудің тиімді әдісі».

Сәуір айында балабақша психологі «Сенсорлық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар».

Мамыр айында балабақша тәрбиешілері «Серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру және өткізудің педагогикалық шарттары».

Маусым айында балабақша тәрбиешілері жаз мезгілінде сауықтыру-шынықтыру шараларын жоспарлау және ұйымдастыру.

**Сауалнамалар:** Балабақша психологі Р. Ходжакулова өзінің жылдық жоспарына сәйкес ата – аналар, педагогтар және ұжым қызметкерлері арасында сауалнамалар алып отырды.

**Сурет және фотосурет көрмелері:**

«Мейірімді жүрек» атты тақырыптағы сурет көрмесі ортаңғы және кіші топтардың арасында өткізілді. Көрменің мақсаты – балаларды мейірімділікке, достыққа, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие беру арқылы сұлулықты сезіне білуге баулу. Шығармашылыққа баулу, өнерге деген қызығушылығын арттыру.
Ортаңғы топта өткен «Мен және менің отбасым» атты тақырыптық сурет көрмесіне топ тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірге қатысты. Іс - шараның мақсаты - өсіп келе жатқан ұрпаққа отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеп суретін салу, тәрбиелеу кезінде отбасылық салт дәстүрлерді қолдану және дамыту, шығармашылығын дамыту, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиеленушілер тақырыпқа сай өздерінің отбасын бейнеледі. Сонымен қатар өздерінің жанұясы туралы қысқаша мәліметтер айтып берді. Өздерінің отбасына жақсы тілектер айтты.

Бөбекжай тәрбиеленушілері көрмеге белсене қатысып, өздерінің әсерлерін тақырыпқа сай суреттен жеткізді.

Әдіскер: Жолдасбаева Р. М

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК әдістемелік кеңес отырысының**
**ХАТТАМАСЫ № 4**

**Сызған ауылы** **23 мамыр 2023 жыл**

Қатысқандар: балабақша педагогтары

**Күн тәртібінде:**

1. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау (әдіскер)
2. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау (әдістемелік кеңес мүшелері)
3. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы (тәрбиешілер)
4. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру. (шығармашылық топ)
5. Балалардың мектепке оқуға дайрлығы (психолог)

**Тыңдалды: Жылысбаева Р – балабақша әдіскері**

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева сөз алды. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша аясында осы оқу жылында осы бұйрықты негізге алып жұмыс жасағанын айтты.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жыл бойы жұмыс жасағаны туралы айтып өтті.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттыкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтікэмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, оның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа, ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді. 8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

**Тыңдалды: Ганиева Б - тәрбиеші**

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесіне талдау жасады.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 28 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып жыл бойында балаларды зерттеп келдік.

2021 жылы басталған зерттеу аясында ECERS-3 шкаласын қолдану арқылы сертификатталған сарапшылардың жүргізген бақылауларының нәтижесінде ағымдағы жағдайға шолу жасалған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес және қолжетімді болуын, педагог пен баланың қарым-қатынасы саналы болуын қамтамасыз ету үшін қажетті ұсыныстар дайындалған болатын. Осылардың негізінде мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалаудың өлшемшарттары әзірленген болатын.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 0701-18\642 хатын негізге ала отырып, 2022 – 2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторингті қосымша сілтемелеріге өту арқылы толтырдық. Қазақ тілінде: кіші топ (2 жастан бастап) https:\\forms.gle\6AhtjXaGAix1kRo6 Қазақ тілінде: ортаңғы топ (3 жастан бастап) https:\\forms.gle\e5NnxbzYfgCMxLYL9 сайдына толтырып отырдық.

**Тыңдалды: Сейтқасымова А - тәрбиеші**

Балабақша тәрбиешісі А. Сейтқасымова «Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы» туралы өз пікірін айтты. Ойын- мектепке дейінгі кезеңдегі іс-әрекеттің негізгі түрі. Балалардың ойын іс әрекетінің бір түрі сюжеттік-рөлдік ойындар. Олар мектеп жасына дейінгі балаларға тән ойындардың негізгі қорын құрайды. Психолог Д.Б. Эльконин сюжеттік-ойындарға мынадай анықтама берді: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» деп көрсетті.Сюжеттік рөлдік ойындардың көзі-балаларды қоршаған әлемдегі заттар ,адамдар,табиғат,елдері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді. Бала үлкендердің кез келген ісін табысты істей алады, кез-келген ситуацияға кіре де алады, қалаған оқиғасын бастан өткізеді. Бұл мүмкіндіктер баланың практикалық әлемін кеңейтеді, дамуына жағымды эмоционалды рең береді. Сюжетті- рөлді ойындардың құрылымы: сюжет, мазмұн, рөлдер,ойын амалдары. Ойын сюжеттері әр түрлі Тұрмыстық ойындар, балабақша, жанұя,т.б.Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Рөл-Сюжеттік-рөлдік ойынның негізгі діңгегі болып табылады. Ойында рөлдің болуы бала санасында өзін қандай да бір адаммен теңестіреді де, ойында соның артынан әрекет етеді соған сәйкес қажетті заттарды пайдаланып,басқа ойыншылармен түрлі қарым-қатынасқа түседі. Сюжетті орындаудың негізгі құралдарының бірі ойын амалдары. Ойын амалдары дегеніміз –ойынның түпкі ойы,және ережелер. Ойынның түпкі ойы-Бұл балалар нені және қалай ойнайтындығын анықтау. Ойын процесіндегі

ережелерді балалар өздері қояды,ал кейбір ойындарда үлкендер,олар ойнаушылардың тәртібі мен қарым қатынасын анықтайды және реттейді. Сюжеттік-рөлдік ойындардың құрылымын қорытындыласақ: ойынның түпкі ойы, сюжеті, мазмұны, ойын амалдары,ережелері балалар өмірінде маңызды орын алатын ойында кездеседі.

**Балабақшада сюжетті –рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі.** Қазіргі заманның психологиялық –педогогикалық зерттеулерде сюжетті ойын-адамның кез келген іс-әрекеті сияқты-балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжетті ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде-әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі,заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс,құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті.Есейе келе,бала ойын барысында әр түрлі оқиғалардың бірізділігін өрістету тиіс,оларды өзінің және 2-3 құрдас серіктестің ойластырғанына сәйкес ұластыруы тиіс, сюжетті оқиғаларды рөлдік ара-қатынас арқылы және заттармен әрекет ету арқылы жүзеге асыру тиіс. Балаларды ойынға тартып, олармен бірге ойнау үшін тәрбиешінің өзі белгілі бір түрде құрылған сюжетті «тірідей» ойын процесінде балаларды қызықтыратын тақырыпқа сүйеніп,еркін өрістетуге үйрету керек. Адам іс-әрекетінің ерекше түрінің бірі-ойынның пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ойын-өнер мен көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіріледі. Ойында шындықтың көрінісі ,оның образды сәулесі қылаң береді.Ойын балаларға ақыл-ой,адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

1. Өзін еркін сезінеді.
2. Ізденімпаздық тапқырлық әрекет байқатады.
3. Сезіну,қабылдау,ойлау,қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.
4. Баланың сөйлеу қабілете арта түседі, сөздік қоры молаяды.

Педогогика бала ойынына ерекше мән беріледі.Өйткені балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өшпестей із қалдырады.Бала ойын арқылы өзін толғытқан бүгінгі қуанышын,реніішін, асқақ арманын ,мұрат-мүдесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.Ойын баланың көңілін өсіріп,бойын сергітіп қана қоймай,оның өмір құбылыстарын жайлы түсінігіне әсер етеді.Балалар ойын арқылы тез тіл табысып,жақсы қарым-қатынас барысында:

- 1) Адамдар іс-әрекеттерінің жақсы жақтарын аңғарады,жағымды ойлауды үйренеді.
- 2) Жанындағы адамдарды ұнатып,жақсы көре біледі,оларды қуантуға асығады.
- 3) Бір-біріне көмектесе біледі,жанашырлық сезімі оянады,қамқорлық жасай біледі.
- 4) Кешірімді болуға,өзгені ренжітпеуге тырысады.

3. Педагогтар тарапынан қойылатын сұрақтарға жауап беру.

**Тыңдалды: П. Бидаулетова – шығармашылық топ жетекшісі**

Балабақша тәрбиешісі және шығармашылық топ жетекшісі П. Бидаулетова шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп берді. Балабақшаның 2022 жылғы 31 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген шығармашылық топ жыл бойында өз жұмысын аяқтады. Балабақшада жас мамандар жоқ. 2 педагог бала күтіміне байланысты демалыста. Балабақшада 4 тәрбиеші жұмыс жасайды. Өкінішке орай балабақшада психолог, музыка жетекшісі жоқ. Алайда тәрбиешілердің біліктілігінің арқасында жыл бойы іс шараларды жақсы деңгейде өткізді.

**Тыңдалды: Ганиева Б - тәрбиеші**

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева балалардың мектепке оқуға даярлығы туралы айтты. Биылғы оқу жылында балабақшадан 15 тәрбиеленуші мектеп жасына толуына байланысты мектепке кетеді. Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес мектеппен балабақша арасындағы сабақтастық іс шаралары өткізіліп отырды. Мектепке саяхатқа барып көздері танысты. Партаға отыру, ұстазбен сұхбаттасу, қалам мен қағаз ұстап үйренді. Мектепке кететін балаларға тек сәттілік тілейміз.

**Жиналыс шешім етті:**

1. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдауы қанағаттанарлық.
2. Ортаңғы топ тәрбиешісі Б. Ганиеваның балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау жұмысы қанағатттанарлық.

3. Тәрбиеші А. Сейтқасымованың «Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы» тақырыбындағы пікірі қанағаттанарлық.
4. Шығармашылық топ жетекшісі П. Бидаулетованың шығармашылық тобының жұмысы туралы есебі қанағаттанарлық.
5. «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиеваның балалардың мектепке оқуға даярлығы қанағаттанарлық.

**Әдіскер:** **Жылысбаева Р**

**Әдістемелік кабинет жұмысының анықтамасы № 4**

**Мақсаты:** балабақша педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби, құзіреттілік және ғылыми – әдістемелік деңгейін өсуіне жағдайлар жасау, педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

**Мазмұны:** Мектеппен байланыс жұмысын ориату

Балабақша мен мектеп арасындағы жылдық жоспары түзіліп, жұмыс жүргізіліп жатыр. Тәрбиешілер мектеп мұғалімдерімен үнемі тығыз байланыста болады. Әр өткізілген іс шара назарда болып анықтама жазылып отырады.

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Балабақша түлектері – мектепте | Жылдық есеп мәліметіне енгізу: Балабақша түлектерінің МАД сыныбына мәліметтерін алу. | Күзін |
| 2 | «Менің – болашақ мектебім» | Саяхат: саяхат жасау болашақ мектептеріне деген жағымды сезім қалыптастыру. | Қараша |
| 3 | «Тәсіл –негізі тәжірибеде» | Мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысуы | Тоқсанға бір рет |
| 4 | «Қысқы спартакиада» | Ортаңғы топ балалары арасында спорттық кеш ұйымдастыру | Ақпан |
| 5 | «Менің – болашақ мектебім» | Ғ. Мұратбаев мектебіне саяхат жасау болашақ мектептеріне деген жағымды сезім қалыптастыру. | Наурыз |
| 6 | Бірлескен сурет көрмесі | Ортаңғы топ балаларының бірлескен сурет көрмесі | Сәуір |
| 7 | Балалардың мектептегі оқуға дайындығы туралы мониторинг | Балалардың мектептегі оқуға дайындығы туралы мониторинг жүргізу, нәтижесін талдау | Мамыр |

**Педагогикалық кеңес отырысының хаттамалары:**

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес жасалған педагогикалық кеңестің жоспары түзілген. Педагогикалық кеңес отырысының хаттамалары шнурланған, меңгерушi қолымен бекітілген, мөрленген журналға қолмен жазылған.

**№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** **31.08.2022ж**

**Мақсаты:** «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

1. Талдау: «Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының қорытындысы» есеп беру әдіскер Р. Жылысбаева
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру. (2022 -2023жж. Әдістемелік хат; 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» нормативтік құжаттар меңгерушісі Г. Жаншбекова

3. «Балабақшаның жаңа 2022 - 2023 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
   1) 2022 - 2023 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру
   2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін бекіту
   3) Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау, мазмұнымен таныстыру және бекіту. (жылдық жоспар, перспективалық жоспарлар, ҰОҚ кестесі, күн тәртібі, вариативтік бағдарлама) әдіскер және меңгеруші

4. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту
   Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. Педагогтарды аттестаттау ережесі әдіскер және меңгеруші

5. Әртүрлі мәселелер
1) Балабақша ішілік шығармашылық, әдістемелік топ, педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын құру, құрамын бекіту
2) 2022 – 2023 жаңа оқу жылына ата – аналар комитетін сайлау. Шығармашылық топ туралы ереже әдіскер және меңгеруші.

## № 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС 28.11.2022 жыл

**Тақырыбы:** «Балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әр түрлі формалары арқылы балалардың физикалық қасиеттерін және өз денсаулығына деген қызығушылығын дамыту»

1. Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау. (мейбике)

2. Балалардың білістері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері (қорытынды кесте әдіскер)
3. Тәжірибе алмасу:
   «Ертегі терапиясы, құм терапиясы және фото терапиясы бойынша шеберлік кластер өткізу»
   «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дәстүрден тыс жақ ерекшеліктеріне байланысты сауықтыру түрлері» (практикалық бөлім тәрбиешілер)
4. Ақпараттық сессия: «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңы (нормативтік құжат меңгеруші)
5. «Жомарт күн» көрмесі (барлық топ тәрбиешілері)

**№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** **27.01.2023 ж**

**Тақырыбы:** «Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани – адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану»

1. «Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани –адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану» (дөңгелек үстел әдіскер, тәрбиешілер)
2. Мектеп жасына дейінгі баланың рухани –адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы халықтық мәдениеттің рөлі. Педагогтердің пікір алмасуы (жұмыс тәжірибесімен тәрбиешілер)
3. «Мәдени мұрасы таныстыру арқылы рухани - адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу» іскерлік ойыны
4. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері (әдіскер)

**№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** **26.05.2023ж**

**Тақырыбы**: «2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

**1. Диагностикалық есеп:**

I. «Менің жұмысымның нәтижесі»

II. «Біздің жетістіктерімізі» (қорытынды педагогикалық есеп әдіскер, тәрбиешілер)

2. Қорытынды

II жарты жылдықтағы мониторингтің қорытындысы (педагогтар)

3. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту» (меңгеруші, әдіскер, медбике)

4. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері» (әдіскер, медбике)

5. Әртүрлі

Жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар

Біліктілік санаттарын табыстау т.б. (меңгеруші, әдіскер)

**Бақылау нәтижелері бойынша қорытынды материалдар:**

**Мақсаты:**Балабақша қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік - құқықтық құжаттарының талаптарын орындау, мектепке дейінгі мекеменің тиімді дамуына қажетті жағдай жасау, оқу - тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз ету.

Балабақшаның жылдық жоспары негізінде және әдіскердің апталық циклограммасына сүйене отырып балабақшаның күн тәртібіне бақылаулар жасалып отырды. Олар күн сайын, ай сайын және тоқсан сайын жоспарлы түрде бақыланып отырады. Бақылау түрлері: ағымды бақылау, тақырыптық бақылау, кешенді бақылау, салыстырмалы бақылау, жедел бақылау, жоспарды бақылау т/б. Әр бақылауға жеке жеке анықтамалар жазылып отырады.

**Әдіскер:** [подпись] **Жылысбаева Р. М**